



## Түлектерді бөлужөніндегі комиссия үшін ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Грант бойынша оқыған түлектер бөлу жөніндегі комиссияға жұмыс берушіден Сұраныс хат тапсырады.

Тапсыру мерзімі: 30 сәуірге дейін.

Сұраныс хат үлгісі

<b>«ШЕТ АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМБІСІ</b>		<b>ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ ШЕТСКОГО РАЙОНА»</b>
<small>101700, Караганда облысы, Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылы, Жаңғутты би көшесі, 39 үй Тел.: 8 (71031) 2-22-36, факс: 2-18-80 эл. мекенжайы: kultotel_shetak@mail.ru ЖСҚ КЗ62070103КСН3024000 БСК ККМФКЗ2А «ҚР Қаражы министрілігінің Қазынашылық комитеті» РММ БСН 060140011613</small>		<small>101700, Карагандинская область, Шетский район село Ақсу-Аюлы, улица Жаңғутты би, 39 Тел.: 8 (71031) 2-22-36, факс: 2-18-80 эл. адрес: kultotel_shetak@mail.ru НИК КЗ62070103КСН3024000 БСК ККМФКЗ2А РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК» БИН 060140011613</small>
<p>26.04.2020ж № 50-1-1-12</p> <hr/>		
		<b>«Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ»КЕ АҚ Басқарма Төрағасы-Ректоры Н.О.Дулатбеков мырзаға</b>
<b>Сұраныс хат</b>		
<p>«Шет ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі «Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ»-нің философия және психология факультеті, 5В090600 – «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының түлегі Ахметбек Дана Наурызбайқызы оқуын аяқтағаннан кейін модератор ретінде жолдауыңызды сұрайды.</p>		
<b>Бөлім басшысы</b>		<b>С.Ахмедия</b>
<small>Орынд.Л.Қудебаева Тел. 8/71031/21880</small>		

Сұраныс хат негізінде комиссия түлекке жұмысқа жолдама береді.

2. Түлек, төменде көрсетілген санаттардың біріне жататын болса, **еңбекпен өтеуден босатылуға жатады:**

**2.1 I немесе II топтағы мүгедектер:**

- мүгедектік жайлы анықтама (скан).

Тапсыру мерзімі: 30 сәуірге дейін.

**2.2. Жүкті әйелдер:**

- жүктілік туралы ДКК анықтамасы (түпнұсқа).

Тапсыру мерзімі: 15 мамырға дейін (анықтама күні: сәуір-мамыр)

**2.3. Үш жасқа дейінгі баласы бар адамдар:**

- баланың туу туралы куәлігі (скан).

Тапсыру мерзімі: 30 сәуірге дейін.

**2.4. Жұбайы (зайыбы) тұратын, жұмыс істейтін немесе қызмет өткеретін елді мекенде бос жұмыс орны болмаған кезде:**

- неке қию куәлігі (скан);
- жұбайының/зайыбының еgov сайтындағы тұрғылықты мекен жайы көрсетілген жеке кабинетінің скрині немесе жұбайының/зайыбының жұмыс орнынан анықтама;
- осы елді мекенде мамандығы бойынша бос жұмыс орындарының жоқтығы туралы Жергілікті атқарушы органынан ресми хат (скан).

Тапсыру мерзімі: 30 сәуірге дейін.

**2.5 Одан әрі оқу үшін магистратураға/докторантураға түскен адамдарға:**

- магистратураға/докторантураға түскендігі жайлы анықтама (түпнұсқа).

Тапсыру мерзімі: 10 қыркүйекке дейін.

***Сұрақтар бойынша: 8 (7212) 31 22 99, Мансап бөлімі***

***Біздің мекен-жайымыз:***

***Университетская көш., 28, бас ғимарат,***

***113 каб.***